

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма мүшесі – Ғылыми
жұмыс және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор

М.А.Бурибаева

«08» желтоқсан 2023ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсының
I кезеңін ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 ж.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсының
I кезеңін ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсы (әрі қарай - СҒЗЖ конкурсы) жыл сайын жоғары оқу орындарының базасында өткізеді. СҒЗЖ конкурсының негізгі мақсаты мен міндеттері:

- 1) студенттерді ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық әрекетке баулу;
- 2) талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- 3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

2. СҒЗЖ конкурсы 2 кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең – университет деңгейінде;
- 2) екінші кезең – базалық жоғары оқу орнында.

3. I кезеңнің өткізілу мерзімі 2024 жылдың 31 қаңтарына дейін, II кезеңнің өткізілуі 2024 жылдың 1 ақпаны мен 1 сәуірі аралығы.

4. СҒЗЖ конкурсына институттардың студенттері мен студенттер ұжымы қатыса алады.

5. СҒЗЖ конкурсына жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың басым бағыттары және өзекті мәселелері бойынша студенттердің өз бетінше орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады.

6. СҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы басшылықты университеттік комиссия жүзеге асырады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсына қатысушылар

7. СҒЗЖ конкурсының I кезеңіне студенттік ғылыми қоғамдар мен ғылыми жетекшінің ұсынуымен жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық мамандықтардың студенттері қатысады.

8. Конкурстық комиссияның құрамы әр саланың жетекші ғалымдарының қатысуымен университеттің Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9. Конкурстың бөлімдері бойынша студенттердің ғылыми жұмыстары сол саладағы жетекші 2 ғалымның сараптамасынан өтуі тиіс. Сараптамалар ғылыми жұмысқа қоса беріледі.

Жұмысты ұсыну және оларды конкурстық комиссиялардың қарау тәртібі

10. Кафедралар студенттердің ең үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын іріктеп, университеттің конкурстық комиссиясына ұсынады.

11. Үміткер студенттердің ғылыми жұмысын ұсынғанда конкурстық комиссияға бейінді кафедра мынадай құжаттарды жібереді:

- 1) ғылыми жұмыс;
- 2) ғылыми жұмыстың аннотациясы (қосымша 1);
- 3) орындалған жұмысты студенттің дербес орындау дәрежесі туралы ғылыми жетекшінің пікірі (еркін формада);
- 4) автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәлімет (қосымша 2);

5) конкурстың бірінші кезеңінің нәтижесі туралы кафедра шешімі (хаттамамен рәсімделеді).

12. СҒЗЖ конкурсына студенттердің ғылыми жұмыстарының бір жарым интервалмен басылған бірінші данасы ұсынылады. Жұмыстың көлемі 20-40 беттен аспауы тиіс. Жұмысқа қосымша сызбалар мен иллюстрациялар стандартты өлшемдегі параққа ықшамдалуы керек.

Ғылыми жұмысқа ғылыми жұмыстың нәтижелерін енгізу туралы акті (акт көшірмесін), патенттер көшірмесін, ғылыми мақала көшірмелерін қоса тігуге болады. Егер дипломдық, курстық жұмыстар мен жобаларда ғылыми жаңалық болса және олардың нәтижелерін өндіріске немесе оқу үдерісіне енгізу мүмкіндігі қарастырылса, онда ол жұмыстар конкурсқа ұсынылуы мүмкін.

13. Жеке пакетте автор (авторлар) және жұмыстың ғылыми жетекшісі (2-ші ғылыми жетекші белгіленбейді) туралы мәлімет, сондай-ақ конкурстың бірінші кезеңінің нәтижесі туралы кафедра меңгерушісінің қолы қойылған шешімі ұсынылады. Егер жұмысты авторлар ұжымы орындаған болса, онда авторлар тізімі әрқайсысының үлесі бойынша жасалады.

14. Осы Ереже талаптарын сақтамай ұсынылған жұмыстарды университеттің конкурстық комиссиясы конкурсқа қатыстырмауға (міндетті түрде қатыстырмау себебін көрсетіп) құқығы бар.

15. Университеттің конкурстық комиссиясының мәжілісінде комиссия құрамының кем дегенде 2/3-і мәжіліске қатысқан жағдайда (ашық дауысқа салу арқылы) көпшілік дауыспен шешім қабылданады. Берілген дауыстар саны тең болса, төрағаның дауыс шешуші болады.

16. Конкурстың I кезеңінің жеңімпаздарын анықтау бойынша комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

17. Конкурсқа ұсынылған студенттердің ғылыми жұмыстары қайтарылмайды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсының I кезеңі жеңімпаздарын марапаттау тәртібі

18. Аталған конкурста 1, 2, 3 орын иеленген жүлдегерлер университеттің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

19. СҒЗЖ конкурсының жүлдегерлерінің дипломдарын магистратураға түсу кезінде (конкурс болса) университеттің қабылдау комиссиясы ескеретін болады.

Ғылым департаментінің директоры



Н.А. Сактаганова

Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы



А.С. Монтаева

Коммерцияландыру бөлімінің бас әдіскері



Г.А. Шалабаева

Ғылыми жұмыстың аннотациясы

1. Аталуы
2. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы
3. ЖОО
4. Жұмыстың аяқталған жылы
5. Жұмыс көлемі: __ бет
6. Қосымшалар саны: __ бет
7. Иллюстрациялар саны: __ бет
8. Кестелер саны: __ бет
9. Әдебиет көздерінің саны:

Жұмыстың сипаттамасы:

1. Ғылыми жұмыстың мақсаты _____
2. Жүргізілген зерттеулердің әдісі _____
3. Ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері (ғылыми, тәжірибелік) _____
4. Ғылыми зерттеулерді қолдану туралы құжаттар (бар, жоқ) _____

Автордың қолы

**СҒЗЖ конкурсына ұсынылған жұмыстың
авторы және ғылыми жетекшісі туралы
МӘЛІМЕТ**

АВТОР

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты (бар болған жағдайда)
4. Мамандығы, тобы, курсы
5. Тұрғылықты мекен-жайы, байланыс реквизиттері

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты (бар болған жағдайда)
4. Кафедра
5. Қызметі
6. Ғылыми дәрежесі мен атағы
7. Байланыс реквизиттері

Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор

(қолы)

М.А.Бурибаева

Ғылыми жетекші

(қолы)

Жұмыстың авторы

(қолы)

Университеттің _____ бағыты бойынша
СҒЗЖ конкурстық комиссиясының
ХАТТАМАСЫ

СҒЗЖ _____ бағыты бойынша конкурстық комиссиясының құрамы
_____ адам болып, университеттің Басқарма төрағасы-ректорының 202_ жылғы
_____ № _____ бұйрығымен бекітілген.

Комиссия мәжілісіне _____ адам қатысты.

СҒЗЖ конкурсына 202_ жылы _____ бағыты бойынша _____ жұмыс
келіп түсті (_____ студент, _____ ғылыми жетекші)

Студенттердің ғылыми жұмыстарын қарастырып, университеттің конкурстық
комиссиясы:

1. _____ жұмысты I дәрежелі дипломмен марапаттау
2. _____ жұмысты II дәрежелі дипломмен марапаттау
3. _____ жұмысты III дәрежелі дипломмен марапаттау туралы шешім
қабылдады.

Бұған қоса авторы (авторлары), кафедрасы, ғылыми жетекшісі көрсетіліп
жұмыстар тізімі келтіріледі.

Конкурстық комиссия төрағасы _____

Конкурстық комиссия хатшысы _____

Комиссия мүшелері _____

